ШЕШІМ
Қазақстан Республикасының атынан

2025 жылғы 16 мамыр № 5501-25-00-2/1076 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ә.С.Тюлембекова, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №7 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Oiyn Alemi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №7 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Oiyn Alemi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

«Oiyn Alemi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Oiyn Alemi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1880 (бір мың сегіз жүз сексен) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 022 (екі мың жиырма екі) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №7 жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Oiyn Alemi» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 80 (сексен) теңге тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап қоюынан бас тартылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ә.Тюлембекова**

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 16.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 24.06.2025, судья Сланов А. С., 26.06.2025

5501-25-3-1/1207